

«Бекітемін»

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№20 «Нұршұмыр» балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры Ж. Е. Смагулова



«02»

09

2025 ж

Тәрбиелеу – білім беру процесінің перспективалық жоспар

«Балапан» мектепалды тобы (5 жас)

Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі:
Кенжебаева С.Е

2025 -2026 ж

Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	<p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктері мен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізеді.</p> <p>Бояу мен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуансызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтармен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу тәсілдерін үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін біледі. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту.</p>
Жапсыру	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қайшымен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p>

Қазан айы 2025 жыл

<p align="center">Ұйымдастырылған іс әрекет</p>	<p align="center">Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p>
<p>Сурет</p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беруді, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беруді (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуді. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білуді, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауды, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алуды. Жапсырудың түрлі тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыруды. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыруды дамыту. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту.</p>

Қараша айы 2025 жыл

<p align="center">Ұйымдастырылған іс әрекет</p>	<p align="center">Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p>
<p>Сурет</p>	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту . Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануын дамыту.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әр түрлі қалыптарда мүсіндеуді, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалануды үйрету.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Шаршы немесе тік бұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды меңгерту. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру дағдыларын жетілдіру. Қайшымен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту.</p>

Желтоқсан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	<p>Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалауды үйрету.</p> <p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту</p>
Мүсіндеу	<p>Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеуді үйрету.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануды жетілдіру: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).</p> <p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнауын ұйымдастыру.</p>
Жапсыру	<p>Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беруді. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау.</p>

Қаңтар айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	<p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты» туралы түсінігін кеңейту өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту</p>
Мүсіндеу	<p>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді меңгерту</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), қалауы бойынша мүсіндеуіне мүмкіндік беру.</p>
Жапсыру	<p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеуді, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді, композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды пысықтау.</p>

Ақпан айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «күстүмсық», «жапырақ» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуды, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруды үйрету.
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ертұрман, ошақ, кебеже, диірмен), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеуге мүмкіндік беру
Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруіне мүмкіндік беру.

Наурыз айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	<p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p>

Сәуір айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салуды үйрету
Мүсіндеу	Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын заттарды мүсіндеуді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Біртекті заттардан сюжеттер құруды, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету
Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету. Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды меңгерту.

Мамыр айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салуды үйрету</p>
Мүсіндеу	<p>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын заттарды мүсіндеуді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Біртекті заттардан сюжеттер құруды, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету</p>
Жапсыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету. Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды меңгерту.</p>